

**«8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Әбубәкірова Арайлым Есімханқызының «Дінді дискурсивті зерттеудегі лингвистикалық парадигма» атты  
диссертациясына жазылған ресми рецензенттің**

**СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымды дамытудың басым бағыттарының ішінен «7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – «7.2 Гуманитарлық ғылымдар» саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады.</p> <p>1) Диссертация «8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура білім беру бағдарламасы аясында әзірленген. Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар»</p>

		Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	саласындағы зерттеулер басымдығына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <b>елеулі үлесін қосады</b> / қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> / ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс пәнаралық зерттеу ретінде дінтану ғылымына жаңашыл үлес қоса алады, себебі зерттеу жұмысы лингвистикалық парадигманы дінді кешенді түрде дискурсивті зерттеу үшін теориялық және әдіснамалық шеңбер ретінде жасақтап шығу секілді маңызды ғылыми мәселені шешуге бағытталған. Оның тәжірибелік қолданысы көрсетіліп, уағыз-насихатты, сандық ортадағы діни дискурсты, көпконфессиялы қоғамдағы діни жағдайды талдаудағы әлеуеті дәлелденеді, сол себепті зерттеу жұмысы ұсынып отырған нәтижелер отандық дінтану саласына <b>елеулі үлесін қосады</b> , ал оның ғылымдағы маңыздылығы толыққанды <b>ашылған</b> .
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	<b>Жоғары.</b> Диссертациялық жұмысты диссертант өзі жазып шыққандығы оның өзіндік ерекше жазу стилі мен тұжырымдау әдістерінен көрінеді. Диссертация тақырыбы бойынша жазылған әрі жарияланған мақалалар мен диссертацияның бірыңғай ғылыми тұжырымдарға негізделгендігі жұмыстың докторанттың өзіне тиесілі екендігін айқын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің	Диссертацияның өзектілігі заманауи дінтанудағы

	<p>негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>негізделген;</b></li> <li>2) ішінара негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>лингвистикалық бетбұрыс жағдайында діни тілді әлемнің рухани, мәдени және әлеуметтік бейнесін көрсететін ерекше дискурс ретінде тану қажеттілігімен негізделген. Бұл діни сананың қалыптасу тетіктерін түсіну үшін өте маңызды әрі қоғам мен заман талабына сай өзекті.</p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>айқындайды;</b></li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol>	<p>Диссертация мазмұны өзінің «Дінді дискурсивті зерттеудегі лингвистикалық парадигма» атты тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы «Діни дискурс және лингвистикалық парадигма: құрылымы, қызметтері және конститутивті сипаттары», «Дінді зерттеудегі дискурсивті-лингвистикалық ұстанымдар», «Дінді дискурсивті зерттеуді лингвистикалық парадигма негізінде талдау» атты үш үлкен тарауда жан-жақты зерттеліп, талданған. Диссертация мазмұны тақырыпты толық айқындайды.</p>	
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сәйкес келеді;</b></li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Мақсаты – заманауи лингвистикалық парадигма шеңберінде діни дискурс ерекшеліктерін айқындау және осы парадигманы діни дискурстың заманауи көрінісін жүйелеу мен талдауда оның сандық ортада, аймақтық мәнмәтінде қызмет етуін ескере отырып қолдану. Бұл мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер толықтай орындалып, тақырыптың жан-жақты ашылуына негіз болған. Зерттеу нәтижелері де диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сай.</p>	

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:  
1) **толық байланысқан;**  
2) ішінара байланысқан;  
3) байланыс жоқ.

Диссертациялық жұмыс 3 тараудан, 9 тараушадан тұрады. Бірінші тарауда дінді «сөз феномені» ретінде сипаттай отырып, лингвистикалық парадигманы дискурсивті зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі ретінде қолданудың мүмкіндігін қарастырып, дінді дискурсивті құрылым ретінде қабылдаудың алғышарттарын айқындайды. Екінші тарауда дін мен тіл қарым-қатынасындағы негізгі тарихи кезеңдер әрі сол уақыт мерзіміндегі басты тенденцияларға шолу жасалып, дискурс талдаудың әдіснамасын қарастыра отырып, оның негізгі бағыттары мен ұстанымдарын, сонымен қатар діни дискурста пайдаланылатын басты, кең таралған лингвистикалық әдістер мен бағыттарды сипаттаған. Ал осы зерттеу жұмысы ұсынып отырған дискурсивті-лингвистикалық парадигманың практикалық қолданысын көрсететін үшінші тарауда діни дискурстың негізгі көрінісі ретіндегі уағыз-насихатқа, оның ішінде ірі конфессияларға жататын ислам, православиелік, Ехоба куәгерлері діни мәтіндеріне дискурсивті-лингвистикалық парадигма аясында талдау жасалған, сандық ортадағы діни дискурсты Islam.kz діни порталында жарияланған мақалалармен шектеп, оларға дискурсивті талдау жүргізілген, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы діни жағдайға дискурсивті талдау жасалып, оның негізінде ұсыныстар

			<p>қалыптастырылған. Бұл жұмыстың барлығы диссертацияның айқындаған мақсатына қол жеткізу бағытында логикалық бірізділікпен жасалған. Сондықтан диссертацияның барлық бөлімі мен жалпы құрылымы логикалық тұрғыда <b>толық байланысқан.</b></p> <p><b>Сыни талдау бар.</b> Диссертацияда ізденуші ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті деңгейде дәйектелген, осы саладағы жүргізілген зерттеулермен салыстырмалы түрде зерделенген, соның нәтижесінде өзіндік жаңашыл ғылыми бағыт, көзқарас көрсете алған. Зерттеу жұмысында зерттеу объектісі, яғни діни дискурстағы лингвистикалық парадигма жан-жақты, сыни тұрғыда талданып, өзіне дейінгі зерттеулердің кемшін тұстары мен зерттеу үдерісіндегі назар аударылмаған мәселелер сараланып, көрсетілген. Үшінші бөлімде ислам, православиелік, Ехоба куәгерлері секілді конфессиялардың уағыздарына лингвистикалық парадигма негізінде сыни талдау жасалған және ислами ағартушылық порталдан алынған мақалаларға дискурсивті зерттеу аясында талдау беріліп, жалпы дін саласындағы үрдістерге де сыни талдау ұсынылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері толығымен жаңа деп бағалауға болады. Зерттеудің жаңалығы ретінде дінді дискурсивті зерттеудегі лингвистикалық парадигманың орны айқындалып, оның әдіснамалық негіздері концептуалды түрде</p>

	<p>кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?  1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  2) <b><u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u></b>  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>талданған. Алғаш рет діни дискурсты лингвистикалық тұрғыдан талдаудың кешенді моделі ұсынылған. Осы секілді қорғауға ұсынылған тұжырымдар <b>толығымен жаңа</b> және отандық дінтану саласы үшін асқан маңыздылыққа ие.</p> <p>Зерттеу жұмысында жасалған қорытындылар толығымен жаңа. Зерттеу барысында қазақстандық дінтану үшін жаңа дискурсивті зерттеу ұғымы ғылыми айналымға енгізіліп, дінтанулық зерттеу жүргізудегі лингвистикалық парадигманың маңыздылығы мен әлеуеті дәйектелген. Сондықтан қорытынды тұжырымдар да жаңа, жұмыстың ғылыми нәтижесі де <b>толығымен жаңа.</b></p> <p>Диссертация әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бағыты аясында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ. Өз саласында толығымен жаңа әрі негізделген деп санауға болады. Себебі диссертацияда ұсынылған теориялық және эмпирикалық ақпараттар мен тұжырымдар дін саласындағы уәкілетті органдар қызметінде, діни сауаттандыру, діни сараптама жасау жұмыстарында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде, дінтану саласында даярланатын оқу құралдары мен оқулықтарға қажетті мәліметтер базасы ретінде, әрі дінтанулық, лингвистикалық зерттеулер жүргізуде негіз ретінде алынатын, сілтеме жасалатын жұмыс ретінде</p>
--	---	--

			пайдаланыла алады. Бұл жұмыстың тәжірибелік, қолданбалық маңызын көрсете отырып, бұл тармақ үшін <b>ішінара жаңа</b> деп тұжырым жасауға негіз бола алады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> / негізделмеген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация жұмысының әр тарауында, әр тараушасында қорытындылар жасалып, практикалық қолданысын көрсететін үшінші тараудың әрбір тараушасында жүргізілген дискурсивті-лингвистикалық талдаулар негізінде теориялық және қолданбалық маңызы бар ғылыми тұжырымдар жасақталған. Бұл қорытындылардың барлығы нақты теориялық және тәжірибелік ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> .
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) <b>жоқ</b>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр қағидат жеткілікті деңгейде <b>дәлелденді</b>.</p> <p>7.2 <b>Жоқ</b>. Әр қағидат тривиалды емес. Диссертант әр қағидатты өзіндік стилімен, жан-жақты талдау жасап барып ұсынған.</p> <p>7.3 <b>Иә</b>. Дискурс талдау, қандай да бір қоғамда бар оқиғаны дискурс ретінде сипаттап, оны зерделеу, талқылау, сипаттау секілді түсініктерді дискурс деп атау ғылыми айналымда бар болғанымен, дінді дискурсивті тұрғыда зерттеу, оны дискурсивті құрылым ретінде түсіндіру, әрі бұл үдерістердің барлығын лингвистикалық парадигма аясында жүзеге асыру – ерекше, бұрын жасалмаған, пәнаралық, іргелі ғылыми кадам. Дінді дискурсивті тұрғыда зерттеудегі лингвистикалық парадигманың қолданысын тәжірибелік тұрғыда</p>

		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>иә;</b>  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;  2) орташа;  3) <b>кең;</b>  4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>иә;</b>  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>дәлелдеу де жұмыстың маңызы мен өзектілігін, жаңашылдығын айқын көрсетеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі <b>кең</b>. Диссертация ұсынған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер дінтану, исламтану, философия секілді гуманитарлық ғылым салаларында теориялық негіз ретінде, дін саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдар қызметінде, діни сараптама жүргізу, діни алауыздықтың алдын алу, діни сауаттандыру шараларын ұйымдастыру, жүргізу барысында, әрі дінтану, исламтану, философия бағыттары бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлерінде білім алушылардың осы бағыттағы білімін қалыптастыру жолында құнды қолданбалық материал ретінде пайдалы болады.</p> <p>7.5 <b>Иә</b>. Диссертацияда көрсетілген қағидағтар талапқа сәйкес ғылыми мақалалар мазмұнында толығымен дәлелденген.</p>
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <b>иә;</b>  2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің</p>	<p><b>Иә</b>, негізделген әрі нақты жазылған. Диссертация пәнаралық жұмыс болғандықтан, дінтануға және лингвистикаға тән әдістер орынды қолданылуымен, тұшымды тұжырымдар жасауға негіз болуымен құнды. Әдістер мен тәсілдер толығымен сипатталып, маңыздылығы ашылған.</p> <p><b>Жоқ</b>. Диссертация жұмысының нәтижелерін тұжырымдау компьютерлік технологияларды қолдануды көздемейді. Big Data ұғымы, онымен жұмыс зерттеу аясында қарастырылмаған. Дінтану</p>	

	<p>қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә; 2) <b>жоқ.</b></p>	<p>мен лингвистика салаларындағы ғылыми зерттеу жүргізудің, деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың классикалық та, заманауи да әдістері мен тәсілдері қолданылған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <b>иә;</b> 2) жоқ.</p>	<p><b>Иә.</b> Диссертацияда ізденушінің теориялық және тәжірибелік тұжырымдары мен ұсыныстарының расталуы зерттеудің практикалық қолданысты көрсететін бөлімінде жүзеге асырылған. Диссертациялық жұмыста дінді дискурсивті зерттеу түсінігі аясында лингвистикалық парадигманың қолданысы айқындалған. Теориялық қорытындылар, анықтамалар, тәжірибелік қолданысы өзара байланысты екендігі ғылыми зерттеу нәтижесінде дәлелденген.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Жұмыста жазылған әр мәселе бойынша ғылыми ортада мойындалған, классикалық ғалымдар мен зерттеушілер еңбектеріне сілтеме берілген. Маңызды мәлімдемелер сенімді ғылыми әдебиеттермен <b>расталған.</b></p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> / жеткіліксіз.</p>	<p>Жұмыста 160 ғылыми әдебиетке сілтеме берілген. Барлық еңбек диссертация тақырыбымен байланысты зерттеу жұмыстарына қатысты. Диссертант тақырыптың зерттелу деңгейін толығымен ашып көрсеткен, отандық</p>

			<p>зерттеушілер, ресейлік, еуропалық, америкалық мектеп өкілдері еңбектерін қазақ, орыс, ағылшын, неміс тілдерінде қарастырып, зерделеп, сілтеме жасаған. Сондықтан пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> деп бағаланды.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <b>бар;</b></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы <b>бар</b>. Зерттеу барысында дінді дискурсивті тұрғыда зерттеудің теориялық негіздері толыққанды ашылған. Әрі осы зерттеу барысында лингвистикалық парадигманы кіріктіру жолдарын көрсете білген. Ізденуші тіл мен дін қарым-қатынасына қатысты да құнды теориялық тұжырымдар ұсынады. Сондықтан дінді дискурсивті тұрғыда зерттеуді ұғынуда, лингвистикалық парадигма әлеуетін пайдалануда, тіл мен дін қарым-қатынасын айшықтауда диссертацияның теориялық маңызы бар.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <b>иә;</b></p> <p>2) жоқ.</p>	<p><b>Иә.</b> Зерттеу барысында алынған нәтижелер бұған дейін дінтану саласында назар аударылмаған дискурсивті зерттеуді ұсыну және дінтанулық зерттеу жүргізуде лингвистикалық парадигманы қолдану жолдарын көрсету арқылы өзінің тәжірибелік маңызын негіздейді. Бұл нәтижелер Қазақстан Республикасындағы діни жағдайды талдауда, діни радикализм мен алауыздықтың алдын алуда, діни сараптама жүргізуде өз үлесін қоса алады. Сонымен қатар дінтанулық, діни білім беру үдерісінде де құнды материал ретінде пайдаланыла алады.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады:</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p><b>Толығымен жаңа.</b> Уағыз-насихаттарды талдаудағы дискурсивті-лингвистикалық парадигма ұсыныстары, оның уағыз мәтінін түсінудің жаңа қырларын ашуы, діни жағдаяттарға қатысты жарияланған мақалаларға дискурсивті талдау жасау арқылы мемлекеттің, мақала авторы мен белгілі бір конфессияның жалпы көзқарастар жиынтығын айқындауға болатындығын көрсетуі, аймақтық талдау жасау негізінде жасалған ұсыныстар, әсіресе дінтану саласын дамыту мен ислам дінінің әлеуетін толыққанды пайдалануға қатысты тұжырымдар диссертацияның жаңашылдығының көрінісі.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <b>жоғары;</b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертант тараулардың, тараушалардың арасында логикалық байланыс пен бірізділікті сақтай отырып, жалпы жұмыстың ресімделуі мен құрылымына асқан ұқыптылықпен қарап, академиялық жазу сапасының <b>жоғары</b> екендігін көрсете білген.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертациялық жұмыстың пәнаралық сипаты, ғылыми жаңашылдығы мен маңыздылығы атап өтуге тұрарлық. Жалпы жұмыс жоғары деңгейде орындалған. Дегенмен, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсынысты көрсетуге болады:</p> <p><i>Болашақта діни дискурстың өңірлік ерекшеліктерін (мәселен, Орталық Азия контекстіндегі тілдік трансформацияларды) тереңірек зерттеуге көбірек көңіл бөлінсе,</i></p>

			<p><i>жұмыстың қолданбалық маңызы арта түсер еді.</i></p> <p>Бұл ескерту жұмыстың жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді. Тек ғылыми еңбек сапасын арттыра түсу мақсатында жасалған ұсыныс.</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 17 ғылыми мақала түрінде жарияланған. Оның ішінде: 1 мақала – Скопус (Scopus) базасында, 3 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда, 7 мақала – халықаралық және отандық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағында, 6 мақала – отандық және шетелдік ғылыми журналдарда. Жарияланған мақалаларда зерттеу нәтижелері мен қорытындылары көрсетілген.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>«8D022202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Әбубәкірова Арайлым Есімханқызының «Дінді дискурсивті зерттеудегі лингвистикалық парадигма» атты диссертациялық жұмысы өзекті, пәнаралық, теориялық және тәжірибелік маңызы зор, ғылыми жаңашылдығы мен нәтижелері дәйекті болғандықтан әрі</p>

			<p>мақсаттары мен міндеттеріне сай жазылғандықтан, осы ғылыми деңгейге сай. Диссертациялық жұмыс қойылған талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертант Әбубәкірова Арайлым Есімханқызы «8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептеймін.</p>
--	--	--	---

**Ресми рецензент:**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы

А.Д. Құрманалиева

